bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2019

**БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП**

# Пән: Жаратылыстану Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: «Су-тіршілік көзі» Су

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 18.04.2019 | https://bilimger.kz/55763/ |

**АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА**

## Қысқа мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| **Пән**:Жаратылыстану<br>**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:** «Су-тіршілік көзі»<br>**Күні:**<br>**Сынып: 3** | **Мектеп: «**Ақжал негізгі орта мектебі»КММ **Мұғалімнің аты-жөні**:Накенова Гульнара Егинбаевна.<br>**Қатысқандар саны:**<br>**Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | 3.3 Су |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 3.3.3.1 судың тірі ағзаларда және өлі табиғатта кездесетінін түсіндіру;<br>3.1.2.3 экспериментті жоспарлау және жүргізу |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар**: экспериментті жоспарлай отырып, судың жанды және жансыз ағзаларда кездесетінін түсіндіру;<br>**Көптеген оқушылар**: экспериментті жүргізе отырып, табиғи және жасанды су көздерін ажырату<br>**Кейбір оқушылар:** ақпарат көздерінен су көздерін, орналасқан жерлерін анықтау |
| **Бағалау критерийлері** | — эксперимент жасай отырып судың тірі және өлі ағзаларда кездесетінін түсінеді;<br>— суы бар тірі және өлі ағзалар түрлерін анықтайды |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік мақсаттарды, лексика мен тіркес мысалдарын қоса анықтаңыз:** сөйлеу барысында оқушылар судың тірі ж өлі ағзаларда, өндіруге қажет екенін айта алады.<br>**Пәнге тән лексика мен терминология:** өлі табиғат,тірі табиғат, ағза, мұхит,теңіз,көл,өзен,бұлақ,құдық;<br>**Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:**<br>-Су көздері дегенді қалай түсінесің?<br>-Не себепті су пайдалы деп ойлайсыңдар?<br>**—** Ащы суды тұщы суға айналдыруға бола ма?<br>— ....бізге не үшін керек? |
| **Құндылықтарды дарыту** | «Ағын судай таза бол» деген мақалдың мәнін аша отырып, оқушыларды адамгершілікке, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу. |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | |
|---|---|
| **Пәнаралық байланыстар** | Сауат ашу,дүниетану,жаратылыстану пәндерімен ортақ тақырып арқылы байланыс жүреді. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Дереккөздерді пайдалану кезінде оқушылар интернеттен мәліметтер іздейді. |
| **Бастапқы білім** | *Өткен сабақта алған білімдерін еске түсіреміз.* |
| **Сабақ барысы** | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>3 мин | **Ширату**. «Мен жұмбақтаған зат» ойыны. Оқыған сұрақтарға тез жауап беру керек.<br>— Табиғатта кездеседі;<br>— Онсыз тірі және өлі табиғатта тіршілік болмайды;<br>— Барлық жерде кездеседі;<br>*Мөлдір,сұйық,түссіз,иіссіз;<br>*Үш түрлі күйде болады;<br>Оқушылардың болжам жауаптары (ауа,су)<br>**—— Неге олай деп ойлайсыңдар?**<br>— Қалай ойлайсыңдар, бүгінгі сабақ не туралы болмақ?<br>**Сабақ мақсаты:**<br>— Олай болса, біз сендермен «су – тіршілік көзі» ортақ тақырыбы аясында, экспериментті жоспарлай отырып, судың жанды және жансыз ағзаларда кездесетінін білетін боламыз.<br>— «Сусыз өмір жоқ», Осы нақылды қалай түсінесіңдер?<br>Оқушылардың болжам жауаптары: Су адамдарға өсімдік, жануарларға, тіпті табиғаттағы су айналымына да қажет екендігін айтуы мүмкін. (әңгіме, жалпылама сұрақтар) | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br>8мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>8 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**10 мин**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**8 мин**</td>
<td>**1-тапсырма: «Миға шабуыл»** әдісі. **(Т) «Барлық жерде су бар ма?»**<br>**Суретке қарап** оймен бөлісіп ортақ белгілерін анықтайды<br>1. Гүл, топырақ, саз, жапырақ, ауа, қарбыз, қызанақ, осылардың ортақ белгілерін тап. (топта ортаға салып талдайды).<br>2. Бірнеше жауап нұсқаларын жазады.<br>3. Пікір алмасады.<br>**Қ.Б.**Мадақтау өте тамаша,керемет,жақсы<br>**2-тапсырма. (Ж) Зерттейік. «Ойлан-жұптас-бөліс»** әдісі арқылы топ оқушылары жұптасып алып гүлде су бар екенін анықтайды.<br>Жапырақта су бар ма? Оқушыларға әр түрлі жапырақтар беріледі.<br>Осыны зерттей отырып құрамында су бар екенін дәлелдейді.<br>**Ойлан** (Ж) жапырақта су барын қалай анықтайсың? **Жұптас** (ЖЖ) Жұптаса отырып өз ойларын ортаға салады<br>**Бөліс** (Т) Біріге отырып жапырақтағы судың жолдарын анықтайды.<br>(**МТ**) Жалпақ жапырақты өсімдіктерді су көп, ал қылқан жапырақты өсімдіктерде су аз екендіктеріне көз жеткізіп қорытынды жасайды.<br>**Қ.Б «Смайликпен» бағалау әдісі** .Топтар бір-бірін смайлик көтеру арқылы бағалайды.<br>-түсіндім, -жартылай түсіндім, -түсінбедім<br>**3-тапсырма (Ұ)** Бақылайды.Топырақта су бар екенін анықтау.<br>**(Т) (МК) «DEAL»** әдісі бойынша бірінші топ тәжірибе жасайды, екінші топ тәжірибе барысынан нені түсінгендерін әңгімелейді, үшінші топ себептерін анықтайды, төртінші топ қорытындылайды.<br>**D – Describe –** тәжірибе жасалады (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу).<br>**E – Explain –** түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу).<br>**A – Anallyse –** себептерін анықтайды (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау).<br>**L – Links –** қорытындылайды(болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).<br>**Қ.Б:** Оқушылар осы тапсырма бойынша топырақта судың бар екенін анықтай алғандықтарын **«Басбармақ»** әдісімен бағалауларын сұраймын.<br>1.**Басбармақты жоғары** -тамаша,барлығы түсінікті.<br>2.**Басбармақты көлденең** -жаман емес,айтуы орташа.<br>3.**Басбармақты төмен** -нашар,тақырыпты аша алмады.<br>**4-тапсырма (Т).** Анықтайық. **«Қашықтықтан басқару» әдісі арқылы (**нотбук, энциклопедия, анықтамалар, оқулық) **дереккөздерді пайдаланып,** судың тағы қайда кездесетіні жайлы ақпарат жинайды. Іздеу барысында талқылайды<br>2. Су кездесетін тірі және өлі ағзалардың тізімін жасайды.
<table>
<tr><td>Тірі ағзалар</td><td>Өлі табиғат</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
**(ҚБ) «Плюс, минус» әдісі бойынша әр топ бір-бірінің жұмысын талдау арқылы кері байланыс жасайды.**<br>Бұл бағалау ауызша орындалады. Бірінші топ мүшелері екінші топқа «плюс», «минус» таңбаларын көрсету арқылы бағалайды. «Плюс» — таңбасын көрсету арқылы тапсырманың дұрыс, тиімді жақтарын айтады. «Минус» — оқушының пікірінше, ақпарат толық орындалмаған немесе қате тұстарына тоқталады.</td>
<td>+<br>,-</td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br><br>3 мин | ***Рефлексия «Су тамшысы»***<br>— Бүгінгі сабақта не үйрендім?<br>-Қандай тапсырма қиындық тудырды?<br>-Мен үшін не жаңалық болды?<br>-Өзімді қалай сезіндім?<br>-Басқаларға көмегім тиді ме?<br>-Мен үшін не жаңалық болды?<br>— Бүгінгі сабақ ұнады ма?<br>— Бүгін не үйрендім?***?***<br>Бүгінгі сабақты толық түсінгендер дәптерге кішкентай етіп, су тамшысының үш суретін, жартылай түсінгендер екі, түсініксіз дегендер бір суретін салып, сабақ қызықты, көңілді болды десе, сары, көңілсіз болды десе қызыл түске бояйды. | |
| Саралау<br>**1тапсырмада. Диалог және қолдау көрсету**<br>«Барлық жерде су бар» тапсырмасын орындау барысында кейбір оқушыларға жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады. Мұғалім оқушыларды ойланту үшін сұрақтар қоямын.<br>-Қарбызда, қызанақта су бар деп ойлайсың ба? Сөзбен қолдау көрсетіп ынталандырамын.<br>2 тапсырмада «**Бағалау» тәсілі қолданылып тұр.**<br>Оқушылардың іс-әрекеті бағаланып және қажеттіліктеріне қарай түзетіліп отырылады. Мұғалім жапырақтың түрлерін түсіндіреді.<br>**3 тапсырма** «**Жіктеу**» тәсілі арқылы талаптары әр түрлі оқушыларға нұсқау берілді. . Оқушылар үш топқа бөлінеді.1-ші топта ойлау деңгейі жоғары, 2-ші топта ұйымшыл топ, 3- ші топ көмекті қажет ететін оқушылар.<br>**4 тапсырма «Дереккөздер»** тәсілі арқылы көмек көрсетіледі. Деңгейлері әр түрлі оқушыларға тапсырмалар беріледі.Ойлау деңгейі жоғары оқушыларға топырақтың қай түрінде су аз болатынын дереккөздерден табады. | **Бағалау**<br><br>**Қ.Б.**1-ші тапсырманы «Мадақтау» арқылы бағаладым<br><br>**Қ.Б 2-ші тапсырманы «Смайликпен» бағалау әдісі** Топтар бір-бірін смайлик көтеру арқылы бағалайды.<br>-түсіндім, -жартылай түсіндім, -түсінбедім<br>**Қ.Б.3-ші тапсырманы «Басбармақ» Басбармақты жоғары** -тамаша,барлығы түсінікті.<br>2.**Басбармақты көлденең** -жаман емес,айтуы орташа.<br>3.**Басбармақты төмен** -нашар,тақырыпты аша алмады<br><br>**(ҚБ) «Плюс, минус» әдісі бойынша әр топ бір-бірінің жұмысын талдау арқылы кері байланыс жасайды.**<br>Бұл бағалау ауызша орындалады. Бірінші топ мүшелері екінші топқа «плюс», «минус» таңбаларын көрсету арқылы бағалайды. «Плюс» — таңбасын көрсету арқылы тапсырманың дұрыс, тиімді жақтарын айтады. «Минус» — оқушының пікірінше, ақпарат толық орындалмаған немесе қате тұстарына тоқталады.<br>***«Су тамшысы»*** Бүгінгі сабақты толық түсінгендер дәптерге кішкентай етіп, су тамшысының үш суретін, жартылай түсінгендер екі, түсініксіз дегендер бір суретін салып, сабақ қызықты, көңілді болды десе, сары, көңілсіз болды десе қызыл түске бояйды.<br><br>**Дескриптор**<br>**-Суреттерді топта ортаға салып талдайды;**<br>**-Бірнеше нұсқаларын жазады;**<br>**-Пікір алмасады;**<br>**-Ортақ белгілерін анықтайды;**<br>**-Дереккөздерді пайдаланады.** | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
| ***Сабақ бойынша рефлексия*** | | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

**Жалпы баға**
**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**
**1:** Сабағымда «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі арқылы оқушылар ынтымақтаса жұппен,топпен жұмыс істеу арқылы сабақтың қызықты,әрі тиімді өтуіне негізделеді.
**2: «Қашықтықтан басқару» әдісі арқылы (**нотбук, энциклопедия, анықтамалар, оқулық) **дереккөздерді пайдаланып,** судың тағы қайда кездесетіні жайлы ақпарат жинауы тиімді болып , оқушылар зерттеу нәтижесіне қол жеткізеді.
**Сабақты не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**
**1: «DEAL»** әдісі арқылы сабақ мақсатына жете алады деп ойлаймын

**2: «Саралау»** әдіс-тәсілдері оқушылардың зерттеу жұмыстарында,қорытынды шығаруында оң ықпал етеді
**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?**

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.